

**«6D061300 – Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Аблайханов Елшат Татухановичтің «Жоңғар Алатау» қыратының оңтүстік макробеткейіндегі өсімдіктердің кеңістіктік таралуының заңдылықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШҚІРІ

p/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына сәйкес. Жұмыс Жоңғар Алатауының оңтүстік макробеткейі өсімдік жабынының кеңістіктік таралу заңдылықтарын анықтауға және өсімдіктерін сақтау бойынша тиімді ұсыныстар жасауға арналған. Ғылымның даму бағыттары 2. Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология 2.4 Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау және ұтымды пайдалану; 6. Өмір және денсаулық туралы ғылымдар 6.1 Қазақстанның генетикалық ресурстарын зерделеу, сақтау және ұтымды пайдалану. Мониторинг пен қоршаған ортаны қорғаудың инновациялық тәсілдері.
2.	Ғылымға маңыздылығы	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс «Азық-түлік бағдарламасын іске асыру барысында агробиологандықтың генетикалық қорын байыту және сақтаудың негізгі көзі ретінде Қазақстандағы мәдени өсімдіктердің жабайы туыстарының ботаникалық алуандығын зерттеу» (2013-2015) бағдарламасы аясында жүргізілген (Мемлекеттік тіркеу № 0113РК00940).
3.	Өзі жазу принципі	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қоспайды және оның маңыздылығы жұмыста толық ашылмаған.
		Өзі жазу принципі 1) жоғары;	Докторант диссертациялық жұмысты орындау барысында орташа дербестік деңгейін көрсеткен. Диссертация тақырыбы бойынша

		<p>2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша 12 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде докторант 1 ғана жарияланымның бірінші авторы, сондай-ақ 2 жарияланымның моноавторы болып табылады.</p>
<p>4.</p>	<p>Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Өсімдіктер әлемін қорғау және сақтау мәселесі қазіргі уақытта әлемдегі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Диссертацияның тақырыбы өзекті және жеткілікті негізделген.</p> <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын жартылай айқындайды, тақырып өте ауқымды, ал алынған нәтижелер қойылған міндеттерді толық қамтымайды.</p> <p>Ескертулер: 1) Диссертациялық жұмыстың 1, 2 және 3 міндеттері бойынша зерттеу жұмыстарын бірнеше макробеткей мысалында жүргізу қажет. Себебі, бір макробеткей мысалында өсімдіктердің кеңістіктік таралу заңдылықтарын анықтау мүкін емес. Геоботаникалық зерттеулерді жүргізу маршруттары картада көрсетілмеген.</p> <p>2) Тақырып өте ауқымды болғандықтан 4, 5, 6, 7 және 8 міндеттерді белгілеу кезінде нақты бір ғана онтүстік макробеткей мысалында зерттеу жүргізу қажет еді.</p> <p>3) Диссертацияның мақсаты «Жоңғар Алағауының онтүстік макробеткей өсімдік жабынының кеңістіктік таралу заңдылықтарын анықтау және өсімдіктерін сақтау бойынша тиімді ұсыныстар жасау», ал 7 міндет – Сирек кездесетін түрлер мен қауымдастықтарды анықтау, 8 міндет – Өсімдіктерді сақтау бойынша ұсыныстарды әзірлеу деп белгіленген. Алайда, диссертацияның негізгі бөлімдерінде сирек кездесетін өсімдіктерді зерттеу жағдайлары, ерекшеліктері мен әдістері сипатталмаған, сондай-ақ, өсімдіктерді сақтау бойынша шетелдік тәжірибелер және ұсыныстар салыстырмалы түрде қарастырылмаған. Аталған 8 міндет бойынша алынған нәтижелер сай емес.</p> <p>4) Жоңғар Алағауында жиналған өсімдіктер тұқымдарын Ботаника және фитointродукция институтының «Қазақстан табиғи флорасының тұқым банкіне» тапсыру актісінде (Қосымша 3) 58 өсімдіктің тұқымдарды жинау уақыты 2014 жыл, ал банкке тапсыру уақыты 2020</p>

		<p>жыл деп көрсетілген. Жұмыстың 4 бөлімінің «Зерттеу нысанының өсімдік жабынын сақтау бойынша ұсыныстар» атты 4.8 тараушасында жиналған тұқым үлгілері 6 жыл бойы қандай температуралық жағдайларда сақталғандығы, қанша тұқым үлгісі және салмағы, тұқымдардағы ылғалдылық мөлшері және олардың бастапқы өсіп-өну қабілеті туралы ақпарат келтірілмеген. Халықаралық ген банкі стандартына сәйкес аталған параметрлер тұқымдарды сақтау кезінде олардың тіршілік қабілетіне әсер ететін ең маңызды факторлар болып табылады.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына жартылай сәйкес келеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы өзара жартылай байланысқан.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) жартылай дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен аз салыстырылып бағаланған, талдау жартылай жүргізілген.</p>	
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жартылай жаңа болып табылады.</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жартылай жаңа болып табылады.</p>

		<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жартылай жаңа болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде толық негізделмеген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1. Оңтүстік макробеткей шегіндегі биіктік белдеулерінің заңдылықтары мен ерекшеліктері. шамамен дәлелденді, иә, орташа, иә.</p> <p>2. Өсімдік жамылғысының экологиялық және физиономиялық типтері, олардың фитоценоздық сипаттамалары және биіктік шектеулері. дәлелденді, жоқ, орташа, иә.</p> <p>3. Негізгі аймақтық қарғасы мысалындағы өсімдік жамылғысының кеңістіктің заңдылықтары. шамамен дәлелденді, жоқ, орташа, иә.</p> <p>4. Алматы облысының «Жасыл кітабына» енгізу үшін сирек кездесетін өсімдік қауымдастырының сипаттамасы. дәлелденді, иә, орташа, иә.</p>

		<p>5. Жоңғар Алатауының онтүстік макробеткейінің өсімдік жамылғысын сақтау бойынша ұсыныстар. шамамен дәлелденбеді, иә, тар, жок.</p>	
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Зерттеу әдіснамасын таңдау негізделген, пайдаланылған зерттеу әдістері диссертацияның тиісті тарауында сипатталған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды орта деңгейде қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Ескерту: 1) Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелерге статистикалық өңдеу жүргізілмеген.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен жартылай дәлелденген және расталған.</p> <p>Барлық маңызды мәлімдемелер сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен ішінара расталған.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша 189 пайдаланылған дереккөздер келтірілген, бірақ бұл әдебиет диссертация тақырыбын толығымен қамтымайды.</p>
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертацияның кейбір міндеттері бойынша теориялық маңызы бар,

<p>құндылық принцип</p>	<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>тау жүйелерінің өсімдік жамылғысының қазіргі жай-күйін бағалау, биік белдеудің заңдылықтарын анықтау, өсімдіктердің сирек кездесетін және шаруашылық жағынан құнды түрлерінің негізгі аумақтары мен орналасқан жерін картаға түсіру қарастырылған. Алынған нәтижелерді «Геоботаника» білім беру бағдарламасының теориялық және арнайы курстарын оқытуда қолдануға болады.</p> <p>Жұмыстың кейбір міндеттерінің практикалық маңызы бар.</p> <p>1) Ботаника және фитопродукция институтының гербарий қорына 14 бет гербарий үлгілері тапсырылған, қабылдау-тапсыру актілері қоса берілді (Қосымша 2).</p> <p>2) Ботаника және фитопродукция институтының «Қазақстан табиғи флорасының тұқым банкі» толықтыру үшін зерттелген аймақта жиналған өсімдіктер тұқымдары тапсырылған, қабылдау-тапсыру актілері қоса берілді (Қосымша 3).</p> <p>3) «Гышкантау – Борохудзир» негізгі аумақтарының өсімдік жамылғысының картасы жасалды (Сурет 23).</p> <p>Ескертулер:</p> <p>1) 4.2 тарауындағы және Қосымша 1-дегі мәліметтерге сәйкес 304 өсімдік түрі анықталған. Алайда, қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес (Қосымша 2) Ботаника және фитопродукция институтының гербарий қорына тек Панфилов ауданында жиналған 14 бет гербарий үлгілері тапсырылған.</p> <p>2) Жонғар Алатауында жиналған өсімдіктер тұқымдарын Ботаника және фитопродукция институтына тапсыру актісінде (Қосымша 3) 58 өсімдіктің тұқымдары жиналып, тапсырылған. Жұмыстың 4.8 «Зерттеу нысанының өсімдік жабынын сақтау бойынша ұсыныстар» тарауында 39 өсімдіктің тізімі берілген.</p> <p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылмайды.</p> <p>Ескертулер:</p> <p>Зерттеу аймағының біраз бөлігі ерекше қорғалатын Алтынемел мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің территориясына кіреді. «8 міндет – Өсімдіктерді сақтау бойынша тиімді ұсыныстар әзірлеу» бойынша мәселені шешуге берілген ұсыныстар кез-келген қорғалатын аймаққа тән.</p>
-------------------------	--	--

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы орташа.</p> <p>Ескертулер:</p> <p>1) Диссертацияда кішігірім қателер бар, соның ішінде орфографиялық қателер (бөлек жазылатын сөздердің бірігіп жазылуы, кейбір әріптердің түсіп қалуы немесе артық жазылуы), GPS координаттарын көрсету кезінде әр түрлі стильдің қолданылуы (градус, минут және секунд белгісінің дұрыс қойылмауы).</p> <p>2) Диссертациялық жұмыстың «Жоңғар Алатауының табиғи жағдайы» атты 1 бөліміндегі ақпарат толық ашылмаған, 1 және 2 бөлім ішіндегі 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 2.1 және 2.2 тараушаларының көлемі 1-1,5 бетті құрайды, жалпы әдебиеттерге шолу бөлімі 10 бетті құрайды. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін ресімдеу стандартына сәйкес мұндай жағдайда аталған тараушаларды біріктіру ұсынылады (ГОСТ 7.32-2017).</p> <p>3) Диссертацияда 28 суретке сілтеме беріледі, алайда оның тек 10 ғана карта, диаграмма және гистограмма болып табылады, басқа 18 суретте маңызды ақпарат жоқ, тек экспедиция сәттері көрсетілген. Негізгі бөлімнің көлемі 109 беттен тұратындығын ескере отырып, бұл диссертацияның осы бөлігін бөт санын көбейту үшін жасалған. Бұл суреттер қосымша ретінде ресімделуі қажет.</p> <p>4) Бір әдебиет көзінің екі рет қайталануы (126 және 138 әдебиет, 131 және 168 әдебиет).</p> <p>4) Қосымшалар ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін ресімдеу стандартына сай ресімделмеген (ГОСТ 7.32-2017).</p>
-----	---------------------------	--	--

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Аблайханов Елшат Татухановичтің «Жоңғар Алатау» қыратының оңтүстік макробеткейіндегі өсімдіктердің кеңістіктік таралуының заңдылықтары» тақырыбындағы диссертацияны пысықтауға жіберуді ұсынамын.

Ресми рецензент:

**PhD, ғылым және ғылыми жобаларды
коммерцияландыру бөлімінің басшысы
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан**



(Handwritten signature)

Л.Н.Карашолакова

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Қолы *Карашолакова Л.Н.*
РАС ТАЙМЫШ